

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 14 маусымдағы № ДС-227

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің білім беру ұйымдарының кітапханалары қызметкерлерінің жалақысын көтеру және олардың нормативтік жүктемесін қайта қарау мәселесіне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Мектеп кітапханашыларының еңбекақысын мәдениет саласындағы кітапханалардағы еңбекақы деңгейіне дейін арттыруға қатысты*

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында 7 822 кітапханашы жұмыс істейді (орта білім беру ұйымдарында – 6 840 бірлік, қосымша білім беру ұйымдарында – 337 бірлік, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында – 645 бірлік).

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2023 жылдың 1-тоқсанында мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханашыларының орташа айлық номиналды жалақысы 114 446 теңгені құрады.

*Анықтама: экономика бойынша орташа номиналды жалақы – 340 636 теңге, білім беру саласы бойынша – 261 077 теңге, мәдениет және архив ісі саласындағы кітапханашылардікі – 174 387 теңге.*

Азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесіне<sup>1</sup> сәйкес білім беру ұйымдарының кітапханашылары «С – әкімшілік персонал» функционалдық блогына, мәдениет және архив ісі саласының кітапханашылары «В2 – басқа салалардың негізгі персоналы» функционалдық блогына жатқызылған.

Мәдениет және архив ісі саласындағы кітапханашылармен ұқсастық бойынша білім беру ұйымдарының кітапханашыларын В2 функционалдық блогына жатқызу және қосымша ақы мөлшерін ұлғайту, еңбекақы төлеу қоры бойынша мемлекеттік бюджет шығыстарының ұлғаюына әкеп соғады (2022-2025 жылдары жүргізіліп жатқан азаматтық қызметшілердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыруды ескере отырып). Бұл мақсаттарға алдағы үш жылдық кезеңде болжамды

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

қажеттілік шамамен 5,2 млрд. теңгені құрайды (2024 ж. – 1,5 млрд теңге, 2025 ж. – 1,8 млрд теңге, 2026 ж. – 1,9 млрд теңге).

*Мектеп кітапханаларының 1 қызметкеріне жүктеме нормативін қайта қарауға қатысты*

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына<sup>2</sup> сәйкес кітапханашы лауазымының штат бірлігі сынып-жинақтауыштар санына қарай белгіленеді.

Осылайша:

- 6-дан 13 дейін сынып-жинақтауыш (150-325 оқушы), үш мыңнан астам оқулықтың кітап қоры болған жағдайда кітапханашының 0,5 ставкасы белгіленеді;

- 14-тен 29 дейін сынып-жинақтауыш (350-725 оқушы), кітап қоры шамамен сегіз мың оқулық болған жағдайда кітапхана меңгерушісінің 1,0 ставкасы белгіленеді;

- 30-дан және одан да көп сынып-жинақтауыш (750-ден астам оқушы), он бір мыңнан астам оқулықтың кітап қоры болған жағдайда кітапхана меңгерушісінің 1,0 ставкасы және кітапханашының 1,0 ставкасы белгіленеді.

*Анықтама: 6-сыныпқа дейін кітапханашының штаттық лауазымы белгіленбейді, функционалдық міндеттері педагогтердің біріне жүктеледі.*

Бір кітапханашыға нормативтік жүктемені қайта қарау (14 және одан да көп сынып-жиынтықтар кезінде) олардың штат санының 2 есеге (7 822 бірліктен 12 384 бірлікке дейін) ұлғаюына және тиісінше еңбекақы төлеу қоры бойынша оның ішінде қосымша штат санына және кітапхана қорымен жұмыс істегені үшін қосымша ақы мөлшерінің ұлғаю, мемлекеттік бюджет шығыстарының 49,7 млрд теңге дейін өсуіне әкеледі (2024 ж. – 14,7 млрд теңге; 2025 ж. – 17,4 млрд теңге; 2026 ж. – 17,6 млрд теңге).

*Оқу қорымен жұмыс істегені үшін қосымша ақы 30% мөлшерінде базалық лауазымдық айлықақыдан емес, лауазымдық жалақыдан қайта қарауға қатысты*

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің 4-қосымшасының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ерекше еңбек жағдайлары үшін, атап айтқанда оқулықтардың кітапхана қорымен жұмыс істегені үшін базалық лауазымдық ақының 30% мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Мәдениет және архив ісі саласындағы кітапханашылардың ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы мөлшері лауазымдық жалақының 35%.

Білім беру ұйымдарының 7 822 кітапханашыларды мәдениет және архив ісі саласындағы деңгейге дейін қосымша ақы мөлшерін жеткізу 20,1 млрд теңге сомасында қосымша қаражат бөлуді талап етеді (2024 ж. – 5,9 млрд теңге, 2025 ж. – 7,1 млрд теңге, 2026 ж. – 7,2 млрд теңге).

Осылайша, жалпы білім беру ұйымдарының кітапханашылардың жалақысы деңгейін жеткізуге және бір кітапханашыға нормативтік жүктемені

төмендетуге еңбекақы төлеу қоры бойынша 75 млрд.теңгеге (2024 ж. – 22,1 млрд теңге, 2025 ж. – 26,3 млрд теңге, 2026 ж. – 26,6 млрд теңге) ұлғаюына әкеп соғады.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, жұмыстың ерекшелігіне байланысты кейбір салаларды біріктіру арқылы азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін әзірлеуді жоспарлап отыр.

Бұл ретте, Дүниежүзілік банктің сарапшылары салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, білім деңгейін, біліктілігін, орындалатын жұмыстың күрделілігін, сапасы мен жағдайларын ескере отырып, азаматтық қызметшілер лауазымдарын бағалау, саралау және топтастыру бойынша жұмыс жүргізетін болады.

Осыған байланысты әкімшілік және көмекші персонал қызметкерлерінің, оның ішінде білім беру ұйымдары кітапханашыларының жалақысын арттыру мәселесі жүргізіліп жатқан зерттеу аяқталғаннан кейін кешенді түрде қаралатын болады.

Жалпы Сіздер көтерген мәселелер бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Т. Дүйсенова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан

На № ДС-227 от 14 июня 2023 года

**Уважаемые депутаты!**

На ваш депутатский запрос касательно повышения заработной платы работников библиотек организаций образования и пересмотра их нормативной нагрузки сообщая следующее.

*Касательно увеличения оплаты труда школьных библиотекарей до уровня оплаты труда в библиотеках сферы культуры*

На сегодняшний день в организациях образования работают 7 822 библиотекаря (в организациях среднего образования – 6 840 чел., в организациях дополнительного образования – 337 чел., в организациях технического и профессионального образования – 645 чел.).

По данным Бюро национальной статистики в 1 квартале 2023 года среднемесячная номинальная заработная плата библиотекарей государственных организаций образования составила 114 446 тенге.

*Справочно: средняя номинальная заработная плата по экономике – 340 636 тенге, по отрасли образования – 261 077 тенге, библиотекарей в сфере культуры и архивного дела – 174 387 тенге.*

Согласно Системе оплаты труда гражданских служащих<sup>1</sup> библиотекари организаций образования отнесены к функциональному блоку «С – административный персонал», библиотекари сферы культуры и архивного дела – к функциональному блоку «В2 – основной персонал прочих сфер».

Отнесение библиотекарей организаций образования к функциональному блоку В2 и увеличение размера доплаты по аналогии с библиотекарями сферы культуры и архивного дела повлечет увеличение расходов государственного бюджета по фонду оплаты труда (с учетом проводимого в 2022-2025 годах поэтапного повышения заработной платы гражданских служащих). Предполагаемая потребность на эти цели в предстоящем трехлетнем периоде составит порядка 5,2 млрд тенге (2024 г. – 1,5 млрд тенге, 2025 г. – 1,8 млрд тенге, 2026 г. – 1,9 млрд тенге).

*Касательно пересмотра норматива нагрузки на 1 сотрудника школьных библиотек*

<sup>1</sup> Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193.

В соответствии с Типовыми штатами работников<sup>2</sup> в государственных организациях образования штатная единица должности библиотекаря устанавливается в зависимости от количества класс-комплектов.

Так, при наличии:

- от 6 до 13 класс-комплектов (150-325 учащихся), книжного фонда из более трех тысяч учебников устанавливается 0,5 ставки библиотекаря;
- от 14 до 29 класс-комплектов (350-725 учащихся), книжного фонда порядка восьми тысяч учебников – 1,0 ставка заведующего библиотекой;
- от 30 и более класс-комплектов (свыше 750 учащихся), книжного фонда более одиннадцати тысяч учебников – 1,0 ставка заведующего библиотекой и 1,0 ставка библиотекаря.

*Справочно: до 6 класс-комплектов штатная должность библиотекаря не устанавливается, функциональные обязанности возлагаются на одного из педагогов.*

Пересмотр нормативной нагрузки на одного библиотекаря (при 14-ти и более класс-комплектах) приведет к увеличению в 2 раза их штатной численности (с 7 822 единиц до 12 384 единиц) и, соответственно, к росту расходов государственного бюджета по фонду оплаты труда на дополнительную штатную численность с учетом увеличения размера доплаты за работу с библиотечным фондом до 49,7 млрд тенге (в 2024 г. – 14,7 млрд тенге, в 2025 г. – 17,4 млрд тенге, в 2026 г. – 17,6 млрд тенге).

*Касательно пересмотра порядка начисления доплаты за работу с учебным фондом – 30 % от должностного оклада, а не от БДО.*

Согласно подпункту 5) пункта 1 Приложения 4 Системы оплаты труда гражданским служащим, работникам организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работникам казенных предприятий в сфере образования устанавливается доплата за особые условия труда, а именно, за работу с библиотечным фондом учебников в размере 30% от базового должностного оклада.

Размер доплаты за особые условия труда библиотекарям в сфере культуры и архивного дела составляет 35% от должностного оклада.

Доведение размера доплаты 7 822 библиотекарям организаций образования до уровня в сфере культуры и архивного дела потребует выделения дополнительных средств в сумме 20,1 млрд тенге (в 2024 г. – 5,9 млрд тенге, в 2025 г. – 7,1 млрд тенге, в 2026 г. – 7,2 млрд тенге).

Таким образом, в целом для доведения размера заработной платы библиотекарей организаций образования до уровня оплаты труда в библиотеках сферы культуры и снижения нормативной нагрузки на одного библиотекаря потребуется увеличение бюджетных расходов по фонду оплаты труда на 75 млрд тенге (в 2024 г. – 22,1 млрд тенге, в 2025 г. – 26,3 млрд тенге, в 2026 г. – 26,6 млрд тенге).

В настоящее время в реализацию поручения Главы государства Министерством труда и социальной защиты населения совместно со Всемирным банком проводится работа по совершенствованию системы оплаты труда работников, содержащихся за счет средств государственного бюджета.

---

<sup>2</sup> Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 января 2008 года № 77.

Планируется разработать систему оплаты труда гражданских служащих путем объединения некоторых сфер в зависимости от специфики работы с учетом международного опыта.

При этом, экспертами Всемирного банка совместно с отраслевыми государственными органами будет проведена работа по оценке, ранжированию и группировке должностей гражданских служащих с учетом уровня образования, квалификации, сложности, качества и условий выполняемой работы.

В этой связи вопрос повышения заработной платы работников административного и вспомогательного персонала, в том числе библиотекарей организаций образования, будет рассмотрен комплексно после завершения проводимого исследования.

В целом, работа по поднимаемым вами вопросам продолжается и находится на постоянном контроле Правительства.

**Т. Дуйсенова**